- Қазақстандағы барлық ұйымдар қызметкерлерінің қызметтік формасында ұлттық ою-өрнектерді пайдалануды енгізу.

Іске асыру тетіктері

1. Наурыз мейрамын тойлау барысында жанартылған формат бойынша барлық ұйымдарды Ұлттық киім киюге немесе ұлттық ою-өрнектерді киюге шақыру.

2. Халықпен өзара іс-қимылды жүзеге асыратын мемлекеттік органдар мен ірі бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері үшін ұлттық ою-өрнектер бейнеленген галстуктерді немесе галстуктарға арналған қысқыштарды кию көзделсін.

3. Ірі квазимемлекеттік ұйымдарда ұлттық ою-өрнектерді қызметтік түрде пайдалану.

Бұл ретте оң мәні бар оң түсіндірмелі ою-өрнекті пайдалануды ескеру қажет.

Іс-шараны іске асыру кезінде формализмнен аулақ болу керек. Осы атрибуттарды пайдалану ережелерін әзірлеу мәселесіне назар аудару.

Ою-өрнек ретінде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туында бейнеленген ою-өрнекті пайдалану ұсынылады.

Іске асыру мерзімі: жыл бойы.

Күтілетін нәтижелер.

Қазақстан тарихы мен мәдениетіне қатыстылық пен патриоттық сезімді арттыру.

Ұлттық ою-өрнектерді күнделікті пайдалану, соның ішінде жұмыс істемейтін киімде де.

Көрсеткіштер.

4-тен кем емес мемлекеттік орган қызметтік формада ою-өрнектерді енгізді және пайдаланады.

Квазимемлекеттік сектордың кемінде 10 ұйымы ою-өрнектері бар қызметтік киім енгізеді.



Әміре Қашаубаев атындағы дәстүрлі орындаушылардың республикалық байқауын өткізу бойынша ұсынымдар

Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуы тиістігін атап өтті. Қазақтың дәстүрлі ән өнері ұлттық фольклордың негізгі қазынасы болып саналады. Бұл мәдени құндылықты сақтау мен дәріптеу ұлттық кодымызды және ұлттық бірегейлікті сақтаудың құралына жатады.

Әміре Қашаубаев ұлттық дәстүрлі ән мектебінің жарқын өкілі. ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың басында әуелеген әнімен адамзат баласын тандандырған, қайталанбас ұлы тенор әнші. Франция ойшылдары Анри Барбюс: «Мен Әміредей әншіні сирек кездестірдім» десе, Ромен Роллан Әміренің даусына қайран қалып «Мен Шығыста әншіні бұлбұл құсқа неге теңейтінін енді түсіндім», – деп жазады.

Қазақ әнін әлемге танытқан Әміре Қашаубаевтың есімі мен шығармашалығын жас ұрпаққа дәріптеу арқылы ұлттық мұрамызды, ұлы даланың ұлы есімдерін танытамыз. Бүгінгі күні қазақ дәстүрлі ән өнерін шетелге Әміре Қашаубаевтың атымен таныту негізгі міндеттердің бірі. Осы контексте Әміре Қашаубаев атындағы дәстүрлі орындаушылардың республикалық байқауын өткізу өзекті.

Мақсаты: Қазақтың дәстүрлі әндерінің насихатын көбейтіп, жастардың ұлттық музыкаға қызығушылығын арттыру арқылы патриоттыққа, рухани құндылыққа тәрбиелеу.

Міндеттері:

- ұлттық өнер арқылы ұлттық бірегейлігімізді арттырып, жастардың бойына патриоттық қасиеттерді сіңіру;
- Әміре Қашаубаевтың өнерін жас ұрпаққа танытып, дәстүрлі ән мектептерінің бүгінгі деңгейін көтеру;
- ұлттық, дәстүрлі әндерімізді халықаралық деңгейде дәріптеп, қазақ музыкасын әлем сахналарына шығару;
- дәстүрлі ән өнері арқылы жас ұрпақтың мәдени және рухани танымын кеңейту;

- дәстүрлі әншілерді насихаттау, олардың есімдерін көпшілікке таныстыру;
- жастардың дәстүрлі өнерге қызығушылығын арттырып, патриоттық сезімдерін күшейту;
- дәстүрлі әндерді, шығармаларды заманауи технологиялар арқылы импровизациялау арқылы жас буын тұтынушылардың талғамына икемдеу;
- ұлттық музыкамызды, дала фольклорын жаңғырту, ұлттық сананы қалыптастыру.

Іске асыру механизмдері:

- байқауға 16-35 жас аралығындағы республика бойынша дәстүрлі әннің орындаушыларын іріктеу;
- аймақтардан келген жас дәстүрлі әншілерге белгілі халық әнінің өкілдерімен кездесулер, шеберлік сағаттарын ұйымдастыру;
- дәстүрлі әншілердің есімдерін және шығармаларын заманауи технологиялардың көмегімен насихаттау;
- Республикалық байқауды Әміре Қашаубаевтың туған жерінде ұйымдастырылғаны жөн;
- мектептерде Әміре Қашаубаевтың шығармашылығына арналған ашық сабақтар өткізілуі тиіс;
- әлеуметтік желіде #әміреніңәндері хэштегімен халықтың арасында Әміре Қашаубаевтың әндерін орындаудан челлендж ұйымдастыру қажет. Сол арқылы дәстүрлі халық әндерінің үлкен аудиторияда тарауына мүмкіндік туады;
- байқаудың бір бөлімінде ұлы ақынның 175 жылдығын ескеріп, Абайдың әндерін орындау ұсынылады;
- Әміре Қашаубаев туралы телеарналардан деректі фильмдер, бейнесюжеттер берілуі керек;
- басылым беттеріне Әміре Қашаубаевтың шығармашылығы жайлы тың зерттеулер, мақалалар жариялануы тиіс;
- оқу орындарында Әміре Қашаубаев апталықтарын өткізу. Апталық барысында Әміре Қашаубаевтың өмір жолымен танысып, әндерін айтып, шығармашылығына қатысты зерттеулер жүргізу керек;
- «Нұр-Әлем» сферасындағы музейге Әміре Қашаубаевқа арналған бұрыш жасау керек. ЭКСПО-ға қатысқан тұңғыш қазақ ретінде арнайы танымдық ақпараттар, әндері жинақталып, келген адамдарға таныстырылуы тиіс;
- байқауда ұмыт болған дала композиторларының шығармаларын тауып, оларды орындау және көпшілікке таныту.

Күтілетін нәтижелер:

- жастар Әміре Қашаубаевтың өнерімен кең танысып, оның шығармаларын туралы білімі кеңейеді;

- халықтың дәстүрлі ән орындаушылардың шығармаларына қызығушылығы артады;
- танымал емес қазақтың халық әндері жаңғырып, жаңа форматпен халыққа танылады;
- ұлттық әндерді тыңдаған жастардың патриоттық сезімі, халқына деген сүйіспеншілігі күшейеді.
- дала фольклорының мұралары дәріптеледі, дәстүрлі қазақ әндері халықаралық деңгейде насихаттауға мүмкіндік алады;
- БАҚ көздерінде Әміре Қашаубаевтың мұрасы кеңінен насихатталады;
- аймақтардағы жас дәстүрлі әншілердің есімі көпшілікке танылады;
- дәстүрлі әндер заманауи технологиялармен импровизацияланып, жаңа форматпен халыққа танылады.



«Qyzgaldaq fest» шарасын ұйымдастыру бойынша ұсынымдар

Елбасы өзінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында «Төл тарихымызға, бабаларымыздың өмір салтына бір сәт үңіліп көрсек, шынайы прагматизмнің талай жарқын үлгілерін табуға болады», - деген болатын.

Бағдарлама жұмысының нәтижелілігі жолында атқарылып жүрген істердің негізі қағидаларының бірі де осы азаматтарды өз құндылықтарын бағалауға шақыру болып табылады.

2018 жылы жарияланған Тұңғыш Президенттің «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласында туған жердің бағалауға тұрарлық құндылықтары нақты айтылды. Оның бірі – қызғалдақ. Мақалада Елбасы: «Асқақ Алатаудың баурайы қызғалдақтың «тарихи отаны» екені ғылыми тұрғыдан дәлелденген. Қарапайым, бірақ бүкіл әлем үшін өзіндік мән-маңызы зор бұл өсімдік осы жерде бүр жарып, жер жүзіне таралған», - деді.

Көктемнің көркіне айналған қызғалдақ өз сүйкімділігімен, әдемілігімен әлем назарын Қазақ жеріне аударуда және Тәуелсіз Қазақстанның айшығын арттыратын брендтердің біріне айналды.

Қызғалдақ көктемгі жайылымның сәні болды, осыған орай «қызғалдақ жемеген қозы арманда, қыз құшпаған жігіт арманда» деген мақал қалыптасты. Қызғалдық гүлі кілемдей жапқан қырда жайылған қойдың сүті қою, биенің сүті құнарлы болады. Қызғалдаққа жайылған мал сүтінен шайқалған май қызғылт сары болып түсетіні баршамызға белгілі. Дәстүрлі қазақ ортасында көктемде қызғалдақ гүлдеген соң шайқалған май қойылған дастарханға ауыл әйелдерінің жиналып, шүйіркелесіп шәй ішетін «қызғалдақ май» деп аталатын көне дәстүрі болған. Ғұрыптық мәні бар бұл дастарханның басты атрибуты қызғалдақты далада жайылған мал сүтінен шайқалған май еді. Бұл дәстүр бүгінде көшпелі тұрмыстық тарих сахнасынан кетуіне орай жойылып

кеткенімен, тарихи санамызда қалды. Дәстүрлі түсінікте қызғалдақ әсемдік пен шаттықтың нышаны деп саналды.

Қазақстан аумағындағы Шу, Іле тауларының етегінен әлі күнге дейін жергілікті өсімдіктер әлемінің жауһары саналатын Регель қызғалдақтарын бастапқы күйінде кездестіруге болады. Бұл әсем өсімдіктер біздің жерімізде Тянь-Шань тауларының етегі мен шөлейт даланың түйісер тұсында пайда болған. Қазақ топырағындағы осынау қарапайым, сондай-ақ, ерекше гүлдер өз әдемілігімен көптеген халықтың жүрегін жаулап, біртіндеп бүкіл әлемге тарады.

«Қызғалдақ fest» фестивалін өңірлік деңгейде ұйымдастыру – прагматизм терминінің танымын кеңейтуге, азаматтардың құндықтарды бағалау қасиеттерін қалыптастыруға, отандық брендтің насихатталуы мен оның тарихын тануға, әсемдік пен әдеміліктің символындай болған Қызғалдақ гүліне деген сүйіспеншілікті арттыруға ықпал жасайды.

Мақсаты. Қоршаған ортаны, соның ішінде қызғалдақты қорғауға шақыру, қазақ даласына тән қызғалдақтың тарихи отанын шетелдіктерге таныту.

Міндеттері:

- Қазақстан тарихи отаны болып табылатын «Қызғалдақтың» тарихын таныстыру;
- азаматтарды еліміздің құндылығын лайықты бағалауға шақыру;
- отандық брендті насихаттау;
- бәсекеге қабілеттілікті арттыру.

Іске асыру механизмдері. Өңірлерде фестиваль аясында апталықтар ұйымдастырып, орталық көшелерде «Қызғалдақ көрмелерін» ұйымдастыру қажет.

Отандық брендтің тарихы мен пайдалы қасиеттерінен хабарлама беретін көше билбордтарын дайындап, көрнекі жерлерге ілу керек.

Әлеуметтік желілерді пайдаланушылар арасында «Қызғалдақ» гүлін насихаттау мақсатында #Қызғалдақпенфото хэштегімен фото-видео челлендж ұйымдастыру қажет.

Республикалық және өңірлік телеарналар мен БАҚ-тардың ықпалымен «Қызғалдақ» гүліне қатысты бағдарламалар мен ақпараттық мақалалар дайындап, көрермен назарына ұсынып, насихаттау жұмыстарын жүргізу қажет.

Карантин уақытында қызғалдақтың түрлерін түгел қамтуға тырысып, виртуалды көрме дайындау керек.

Отанымыздың айшықтарын айқындайтын естелік белгішелер мен кәдесыйларға қызғалдақ бейнесіндегі дүниелерді дайындап, қосып, ел тұрғындары мен қонақтарына ұсыну керек.

Гүл өсірушілер арасынан кәсіби мамандарды тауып, үй жағдайында, кәсіпкерлік мүмкіндік жағдайында қызғалдақ өсіріп, баптаудың жолдарын таныстыратын видеобағдарламалар дайындап, көрермен назарына ұсыну керек.

Күтілетін нәтиже:

- еліміз қызғалдақтың шығу тарихы және түрлерімен танысады;
- «Рухани жаңғыру» бағдарламасы мақсаттарының орындалуына және «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласының мән-маңызының насихатталуына үлес қосылады;
- отандастарымыздың отандық брендке деген махаббаты артады және фестивальді жыл сайын өткізу дәстүрге айналып, қоғамдық шараға айналады;
- бәсекелестік артып, қызғалдақты әлемдік аренаға шығаруға мүмкіндік алады.



«Alma fest» шарасын ұйымдастыру бойынша ұсынымдар

Ұлттық және жеке байлықты нақты білу, оны үнемді пайдаланып, соған сәйкес болашақты жоспарлай алу, ысырапшылық пен астамшылыққа жол бермеу, яғни, праграмтизмді дамыту – «Рухани жаңғыру» бағдарламасының негізгі қағидаларының бірі.

Елбасы өзінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында «Нақты мақсатқа жетуге, білім алуға, салауатты өмір салтын ұстануға, кәсіби тұрғыдан жетілуге басымдық бере отырып, осы жолда әр нәрсені ұтымды пайдалану – мінез-құлықтың прагматизмі деген осы. Бұл – заманауи әлемдегі бірден-бір табысты үлгі. Ұлт немесе жеке адам нақты бір межеге бет түзеп, соған мақсатты түрде ұмтылмаса, ертең іске аспақ түгілі, елді құрдымға бастайтын популистік идеологиялар пайда болады», - деген болатын.

Бағдарлама жұмысының нәтижелілігі жолында атқарылып жүрген істердің негізі қағидаларының бірі де осы азаматтарды өз құндылықтарын бағалауға шақыру болып табылады.

2018 жылы жарияланған Тұңғыш Президенттің «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласында туған жерді бағалауға тұрарлық құндылықтары нақты айтылды. Оның бірі – алма. Мақалада Елбасы: «Қазақстан қазір де әлемдегі алма атаулының арғы атасы – Сиверс алмасының отаны саналады. Дәл осы тұқым ең көп таралған жемісті әлемге тарту етті. Бәріміз білетін алма – біздегі алманың генетикалық бір түрі. Ол Қазақстан аумағындағы Іле Алатауы баурайынан Ұлы Жібек жолының көне бағыты арқылы алғашқыда Жерорта теңізіне, кейіннен бүкіл әлемге таралған. Осы танымал жемістің терең тарихының символы ретінде еліміздің оңтүстігіндегі ең әсем қалалардың бірі Алматы деп аталды», - деді.

Бүгінде «Алматылық алма» Отандық брендке айналып, Халықаралық деңгейде насихатталып, үлкен сұранысқа ие болуда.

Қазіргі Қазақстан жерінде керемет алмалардың өсетіндігін қытайлар 1240 жылдан бастап жаза бастаған, сондай-ақ алма тұқымының осы жерден таралғанын да айтқан. Ал біздегі жабайы алмалар осыдан 50 миллион жылдай бұрын да осында өскен, жер жүзіне осы өңірден тараған. Жабайы алманы ешкім қолдап, қорғап отырмайды, ол өзі дарвинизмнің эволюциялық даму заңдылығындағыдай, өзін-өзі сақтап, табиғи сұрыпталып, дамып жетіліп, таралып отырған.

«Алма fest» фестивалін өңірлік деңгейде ұйымдастыру – прагматизм терминінің танымын кеңейтуге, азаматтардың құндылықтарды бағалау қасиеттерін қалыптастыруға, отандық брендтің насихатталуы мен оның тарихын тануға, табиғи байлығымызға айналған Алматылық алмаға деген сүйіспеншілікті арттыруға ықпал жасайды.

Мақсаты. Алманың шығу тарихымен танысу, табиғат байлығын барынша сақтап қалу, «Сиверс» алмасын әлемге таныту.

Міндеттері:

- Қазақстан тарихи отаны болып табылатын «Алманың» тарихы мен түрлерін таныстыру;
- азаматтарды еліміздің құндылығын лайықты бағалауға шақыру;
- отандық брендті насихаттау;
- бәсекеге қабілеттілікті арттыру.

Іске асыру механизмдері. Өңірлерде фестиваль аясында апталықтар ұйымдастырып, орталық көшелерде «Алма көрмелерін» ұйымдастыру қажет.

Отандық брендтің тарихы мен пайдалы қасиеттерінен хабарлама беретін көше билбордтарын дайындап, көрнекі жерлерге ілу қажет.

Әлеуметтік желілерді пайдаланушылар арасында «Алма» жемісін насихаттау мақсатында #Алматыныңалмасы хэштегімен фото-видео челлендж ұйымдастыру керек.

Республикалық және өңірлік телеарналар мен БАҚ-тардың ықпалымен «Алма» жемісіне қатысты бағдарламалар мен ақпараттық мақалалар дайындап, көрермен назарына ұсынып, насихаттау жұмыстарын жүргізу қажет.

Алма жемісін өсіріп, баптаушылар арасында әртүрлі деңгейдегі сайыстар мен мастер-класстар өткізу қажет.

Суретшілер арасында алманың суреттерін салудан түрлі деңгейдегі сайыстар ұйымдастыру қажет.

Карантин уақытында алманың түрлерін түгел қамтуға тырысып, виртуалды көрме дайындау керек.

Отанымыздың айшықтарын айқындайтын естелік белгішелер мен кәдесыйларға алма бейнесіндегі дүниелерді дайындап, қосып, ел тұрғындары мен қонақтарына ұсыну керек.

Жеміс өсірушілер арасынан кәсіби мамандарды тауып, үй жағдайында, кәсіпкерлік мүмкіндік жағдайында алманы өсіріп, баптаудың жолдарын

таныстыратын видеобағдарламалар дайындап, көрермен назарына ұсыну керек.

Күтілетін нәтиже:

- еліміз алманың шығу тарихы және түрлерімен танысады;
- «Рухани жаңғыру» бағдарламасы мақсаттарының орындалуына және «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласының мән-маңызының насихатталуына үлес қосылады;
- отандастарымыздың отандық брендке деген махаббаты артады және фестивальді жыл сайын өткізу дәстүрге айналып, қоғамдық шараға айналады;
- бәсекелестік артып, алманы әлемдік аренаға шығаруға мүмкіндік алады.



«Korpe fest» шарасын ұйымдастыру бойынша ұсынымдар

Ұлттық және жеке байлықты нақты білу, оны үнемді пайдаланып, соған сәйкес болашақты жоспарлай алу, ысырапшылдық пен астамшылыққа жол бермеу, яғни, праграмтизмді дамыту – «Рухани жаңғыру» бағдарламасының негізгі қағидаларының бірі.

Елбасы өзінің «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласында: «Біздің жеріміз материалдық мәдениеттің көптеген дүниелерінің пайда болған орны, бастау бұлағы десек, асыра айтқандық емес. Қазіргі қоғам өмірінің ажырамас бөлшегіне айналған көптеген бұйымдар кезінде біздің өлкемізде ойлап табылған», - деді.

Бағдарлама жұмысының нәтижелілігі жолында атқарылып жүрген істердің негізі қағидаларының бірі де осы азаматтарды өз құндылықтарын бағалауға шақыру болып табылады.

Бүгінгі күні әлемдік нарықта қолөнер туындылары ерекше бағаланып, үлкен құрметке ие болып жүр. Мәдени дамуды алға қойған Еуропа мемлекеттері жүйелі түрде өз қолөнер шеберлерін ынталандырып, шабыттандыру мақсатында жүйелі көрмелер мен сауда алаңдарын құрып, оны әлемдік деңгейде насихаттап отырады.

Біздің де қолөнер өкілдерінің жұмыстары насихаттауға, «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында жүргізілетін жұмыстар бойынша жасалатын қолдауларға зәру. Соның бірі – бабадан балаға мұра боп қалған нағыз ісмерлердің қолынан ғана туатын көрпе дайындау өнері. Қазіргі қоғамда Қазақтың ұлттық менталитетінде бар көрпе көктеу жастар арасында тұралап тұр.

Көрпе – қазақ халқының төл құндылықтарының бірі, ең көп қолданысындағы қажеттілігі болып табылады. Бағзы замандарда Қазақ қызының ептілігі оның қолының тігін өнеріндегі ептілігіне, ісмерлігіне, көрпе

көктеуде, текемет жасаудағы шеберлігіне, үй жұмыстарында тыңғылықтылығына қарап бағаланған.

Қазақ еліне келген шет елдік қонақтар мен қолөнер шеберлері, ірі саяси қайраткерлер, қадірлі қонақтар Қазақтың оюлы, құрақ көрпесіне тамсанбай кетпейді.

Әзірбайжан, Ауғанстан, Иран, Таяу Шығыс, Өзбекстан, Түркия сынды қолөнермен айналысатын мемлекеттер арасындағы көрмелерде Қазақтың ұлттық бұйымдарының қатарында тұратын құрақ, оюлы көрпелер сарапшылар мен көрме тамашалаушылардың назарын аударып, сүйіспеншілігіне бөленіп, өте жоғары бағасын алып келеді. Бүгінгі күні елімізде құрақ көрпе құраумен айналысатын аз ғана ұйымдар осы туындыны насихаттау арқылы өз кәсіптерін дөңгелетіп, халықтың тұтынуына ұсынып отыр.

Осы бұйымды дайындауды, дайындауға ниеттілерді дайындауды, осы бұйымды насихаттау арқылы ұлттық құндылықтарымызды насихаттауды жолға қою – Бағдарламаның негізгі мақсаттарының жылдам орындалуына себеп болады.

Мақсаты. Ұлы даланың ұлттық мәдениеті мен өнерін сақтау және жаңғырту. Өскелең ұрпаққа үйрету, насихаттау, қолөнер туындыларын шетелге таныстыру.

Міндеттері:

- көрпенің жасалуы ментүрлерін таныстыру;
- азаматтарды еліміздің ұлттық құндылығын бағалауға шақыру;
- отандық брендті насихаттау;
- бәсекеге қабілеттілікті арттыру.

Іске асыру механизмдері. Өңірлерде фестиваль аясында апталықтар ұйымдастырып, орталық көшелерде «Көрпе көрмелерін» ұйымдастыру қажет.

Отандық брендтің тарихы мен пайдалы қасиеттерінен хабарлама беретін көше билбордтарын дайындап, көрнекі жерлерге ілу қажет.

Әлеуметтік желілерді пайдаланушылар арасында «Көрпе» туындысын насихаттау мақсатында #Қазақтыңқұрақкөрпесі хэштегімен фото-видео челлендж ұйымдастыру қажет.

Республикалық және өңірлік телеарналар мен БАҚ-тардың ықпалымен «Көрпе» бұйымына қатысты бағдарламалар мен ақпараттық мақалалар дайындап, көрермен назарына ұсынып, насихаттау жұмыстарын жүргізу қажет.

Құрақ көрпені дайындап, кәсіп қылғандар арасында әртүрлі деңгейдегі сайыстар мен мастер-класстар өткізу қажет.

Суретшілер арасында көрпенің суреттерін салудан түрлі деңгейдегі сайыстар ұйымдастыру қажет.

Карантин уақытында танымал ісмер-тігіншілермен келісімге келіп, көрпе көктеу, оюлау бойынша онлайн мастер-класстар мен дәрістер түсіріп, көрерменге ұсыну керек.

Ұлттық менталитетімізді айқындайтын көрпенің түрлерінен хабар беретін видеокөріністер дайындап, оны халыққа ұсыну керек

Мүдделі органдармен бірлесіп қажеттіліктеріне байланысты көрпе түрлерін жұмыс орындарында пайдалануға мүмкіндік тудыратын жобалар құрастыру керек.

Күтілетін нәтиже:

- еліміз көрпеніңжасалуы және түрлерімен танысады;
- «Рухани жаңғыру» бағдарламасы мақсаттарының орындалуына және «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласындағы ұлттық өнердің насихатталуына үлес қосылады;
- халықтың отандық туындыларға деген махаббаты артады және фестивальді жыл сайын өткізу дәстүрге айналып, қоғамдық шараға айналады;
- бәсекелестік артып, қолөнер шеберлері құрақ көрпеніәлем елдерінешығаруға мүмкіндік алады.



«Zerger fest» шарасын ұйымдастыру бойынша ұсынымдар

Ұлттық және жеке байлықты нақты білу, оны үнемді пайдаланып, соған сәйкес болашақты жоспарлай алу, ысырапшылдық пен астамшылыққа жол бермеу, яғни, праграмтизмді дамыту – «Рухани жаңғыру» бағдарламасының негізгі қағидаларының бірі.

Елбасы өзінің «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласында: «Біздің жеріміз материалдық мәдениеттің көптеген дүниелерінің пайда болған орны, бастау бұлағы десек, асыра айтқандық емес. Қазіргі қоғам өмірінің ажырамас бөлшегіне айналған көптеген бұйымдар кезінде біздің өлкемізде ойлап табылған», - деді.

Бағдарлама жұмысының нәтижелілігі жолында атқарылып жүрген істердің негізі қағидаларының бірі де осы азаматтарды өз құндылықтарын бағалауға шақыру болып табылады.

Бүгінгі күні әлемдік нарықта қолөнер туындылары ерекше бағаланып, үлкен құрметке ие болып жүр. Мәдени дамуды алға қойған Еуропа мемлекеттері жүйелі түрде өз қолөнер шеберлерін ынталандырып, шабыттандыру мақсатында жүйелі көрмелер мен сауда алаңдарын құрып, оны әлемдік деңгейде насихаттап отырады.

Зергерлік – атадан балаға қан арқылы беріліп, Қазақтың ұлттық құндылықтары мен тарихынан, өнердегі жетістіктерінен хабар беретін асыл қасиет. Бүгінгі күні Отандық зергерлеріміздің туындылары әлемнің үлкен көрмелерінде, музейлерінде, мәдени орындарында құнды экспонаттар есебінде тұр.

Зергерлер бүгінгі күні техникалық жаңалықтар есебінде қаралып жүрген адамзатқа қажетті қажеттіліктерді бағзы заманда – ақ дайындап, бүгінгі тарих зерттеушілерді тамсандыруда.

Зергерлер – адамзатқа қажетті бұйымдарды биологиялық таза элементтерден дайындаудың жолын табиғи қабілеті арқылы білетін ұлы өнер иелері.

Зергерлер кәсіп қылған ұлттық бұйымдардың бірнеше түрі бар. Олардың барлығы «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында жүргізілетін жұмыстар бойынша жасалатын қолдауларға зәру.

Зергерлік туындыларды дайындауды, дайындауға ниеттілерді дайындауды, осы туындыларды насихаттау арқылы ұлттық құндылықтарымызды насихаттауды жолға қою – Бағдарламаның негізгі мақсаттарының жылдам орындалуына себеп болады.

Мақсаты. Халықтың зергерлік өнерге деген қызығушылығын арттыру, ұлттық өнердің шырағын өшірмеу, атадан мирас болып келе жатқан көне кәсіпті жаңғырту. Дәстүрлі зергерлік өнердің қыр-сырын жастарға үйрету.

Міндеттері:

- Қазақстанда кеңінен таралған Зергерлік өнер мен оның тарихы, түрлерін таныстыру;
- азаматтарды еліміздің құндылығын лайықты бағалауға шақыру;
- отандық брендті насихаттау;
- бәсекеге қабілеттілікті арттыру.

Іске асыру механизмдері. Өңірлерде фестиваль аясында апталықтар ұйымдастырып, орталық көшелерде «Зергерлік бұйымдар көрмелерін» ұйымдастыру қажет.

Отандық брендтің тарихы мен пайдалы қасиеттерінен хабарлама беретін көше билбордтарын дайындап, көрнекі жерлерге ілу қажет.

Әлеуметтік желілерді пайдаланушылар арасында «Зергерлік бұйымдарды» насихаттау мақсатында #Қазақтыңзергерлікбұйымы хэштегімен фото-видео челлендж ұйымдастыру қажет.

Республикалық және өңірлік телеарналар мен БАҚ-тардың ықпалымен «Зергерлік бұйымдарға» қатысты бағдарламалар мен ақпараттық мақалалар дайындап, көрермен назарына ұсынып, насихаттау жұмыстарын жүргізу қажет.

Зергерлік бұйымдарды дайындап, кәсіп қылғандар арасында әртүрлі деңгейдегі сайыстар мен мастер-класстар өткізу қажет.

Суретшілер арасында зергерлік бұйымдар суреттерін салудан түрлі деңгейдегі сайыстар ұйымдастыру қажет.

Отандық танымал әрі үздік зергерлердің есімдерін қоғамға таныстыру мақсатында кездесулер мен форумдар ұйымдастыру керек.

Отандық зергерлерді ұйымдастыру мақсатында жергілікті әкімдіктер мен кәсіпкерлер палаталары Ұлттық сыйлықтар тағайындап, марапаттау керек.

Күтілетін нәтиже:

- еліміз зергерлік өнердің шығу тарихы және түрлерімен танысады;

- «Рухани жаңғыру» бағдарламасы мақсаттарының орындалуына және «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласының мән-маңызының насихатталуына үлес қосылады;
- халықтың отандық өнімге деген қызығушылығы артады және шараны жыл сайын өткізу дәстүрге айналады;
- бәсекелестік артып, зергерлік өнердің әлемдік аренаға шығаруға мүмкіндігі туады.



**«Жібек жолы мәдениеті» жобасын жүзеге асыру:
- Алматы-Түркістан Жібек жолындағы автомобильмен
жол жүру, Қазақстан киносының күндері бойынша
ұсынымдар**

Ежелгі өркениеттің елеулі жетістіктерінің бірі - Ұлы Жібек жолы деп саналады, ол Қазақстан тарихында да, адамзат тарихында да маңызды рөл атқарды. Жібек жолы әртүрлі елдер мен халықтарды біріктірді, олардың мәдениеті мен тарихын байланыстырды.

Бұл қолөнермен, сеніммен, идеялармен, технологиялармен және басқа да жетістіктермен алмасу каналына айналды.

Жібек жолы қызмет етіп тұрған кезеңде, оның бойындағы елдер арасында тығыз қарым қатынас жүйесі, және тауарларды ілгерілету мен баға белгілеудің негіздері қалыптасты.

Жібек жолы қазіргі уақыттағы кәсіпкерліктің негізін қалады, рухани және мәдени алмасудың механизімі болды, тек керуендер арасындағы қарым қатынасты орнатып қоймай, мемлекеттер арасындағы қарым қатынасқа да себепкер болды.

Ұлы Жібек жолы қазіргі Қазақстанның мәдениеті мен өнеріне зор әсерін тигізді. Өз тарихын білу мен ұлттық бірегейлікті сақтап қалу «Жібек жолы мәдениеті» жобасының басты мақсатына айналуы керек.

Бүгінгі таңда көпшілік «Жаңа жібек жолының экономикалық белбеуі» атты жаңа жоба туралы құлағдар. Бірақ 2 мың жыл бұрын бұл бағытпен керуендер жүрген болса, қазіргі таңда – пойыздар, автокөліктер жүреді, әуе жолы мен құбырлар өтеді. Құрлық пен теңіз арқылы олар Азия, Еуропа және Африка елдерін байланыстырады, жолдың өне бойында еркін сауда аймақтары құрылады. Қазақстан осы жолдардың қиылысында орналасқандықтан, ыңғайлы транзит аймағы болып қана қоймай, өз өнімдерін шығарады.

Бұл өткеннің ұлы жетістігін, одан да зор болашақ жетістік құру үшін пайдалануға болатын жағдай.

Ұлы Жібек жолы идеясын қайта жаңғыртудың экономикалық негіздері салынды, дегенмен жалпы экономиканың өсуіне ықпалын тигізетін, мәдени алмасуға жағдай жасау да осы саланың маңызды компоненттерінің біріне жатады. Сол себепті қазақстандықтарды кең қамту арқылы мәдени алмасуға арналған іс шаралар өткізу маңызды.

Шараның мақсатты – Қазақстанның Ұлы Жібек жолындағы тарихи рөлін насихаттау және назар аударту.

Шараның міндеттері:

- өз тарихын жақсы тану, Жібек жолындағы халықтық дәстүрлерді дәріктеу;

- өңірлер арасындағы туристік алмасуды көбейту;

- жергілікті халық арасында отандық киноны насихаттау және дамыту.

Іске-асыру тетіктері

Алматы-Түркістан автошеруі:

1. Автошерудің қатысушыларымен кездесу үшін өңірлердің және ұлттық мәдени орталықтарының өкілдерін тарту;

2. 5 күнге арналған Алматы – Мерке – Тараз – Шымкент - Түркістан бағыттар бойынша автошеру жоспарын жасау. Жастарды өз өңірінің мәдениеті мен тарихы туралы баяндап беретін қарттармен кездесулер ұйымдастыру жолымен шағын этнографикалық зерттеулер өткізілуін қамтамасыз ету;

3. Ұлы жібек жолында орналасқан киелі орындарды автошеру бағыттарына қосу;

4. Автошеру барысында ақпарат пен бейнеқатар жинастырып Ұлы Жібек жолының тарихи-мәдени маңыздылығы туралы деректі фильм дайындау;

5. Travel-блогерлерді, ғылыми ұйымдарды (тарихшыларды, этнографтарды, археологтар мен өлкетанушыларды), азаматтық қоғам және мемлекеттік органдар мен олимпиада чемпиондарын, сонымен қатар шоу бизнес өкілдерін әлеуметтік желілерде шараны насихаттауға тарту (30-дан кем емес). Меценаттарды тартуға болады.

6. Автошеру «Live» режимінде ақпараттық қолдау. Әлеуметтік желілерде уақтылы постарды жариялау, тікелей эфирдер өткізу және БАҚ-да ақпаратты жириялау.

Қазақстандық кино күндері:

1. Тақырыптық киноклубтың жұмысын ұйымдастыру.

2. Қазақстандық кино айын өткізу және қазақ халқының тарихы, мәдениеті, өмір мен тұрмысы туралы фильмдерді жаппай прокатқа шығару. Шаралар әр өңірде өткізілуі керек.

3. Тарихшылардың, этнографтардың жетекшілігімен қазақстандық фильмдердің мазмұны мен тарихи сәйкестігін талқылау бойынша диспут-клубтардың жұмыстарын ұйымдастыру. Сонымен қатар Ұлы Жібек жолы тарихы тақырыбында кино-дәрістер мен видео-дәрістерді ұйымдастыру.

4. Бұқаралық ақпарат құралдарында және әлеуметтік желілерде кең көлемді ақпараттық жұмыс жүргізу. Жібек жолының мәдени мұрасын, сонымен бірге ондағы Қазақстанның орны мен тарихи рөлін кеңінен насихаттау үшін жеке аккаунттер ашуға болады.

Күтілетін нәтижелер:

- Ұлы Жібек жолымен сапарларды жоспарлап отырған туристер үшін практикалық ұсынымдар жасау;
- Халық арасында қазақстандық фильмдердің қаралу санын арттыру;
- Ұлы Жібек жолының мәдениеті және оның қалыптасуы мен дамуындағы Қазақстанның тарихи рөлі туралы қазақстандықтардың хабардарлығын арттыру.

Көрсеткіштер:

Кем дегенде 1000 адамды тікелей қамту. Жанама қамтылатын адам саны кемі 20 000.



Барлық білім беру ұйымдары мен еңбек ұжымдарында, аудандар мен ауылдарда «Кино апталығы» тарихи, ұлттық кинофильмдерді, анимациялық фильмдерді көрсетуді, сондай-ақ жоғарыда аталған фильмдерді Youtube, Kaz tube интернет платформаларында орналастыруды ұйымдастыру бойынша ұсыным

Өзектілік. Киноөнер өскелең ұрпақтың адамгершілік дамуы мен тәрбиесінде маңызды рөл атқарады. Балалар мен жасөспірімдердің өмірлік құндылықтары теледидардан көргендердің негізінде құрдастарының пікірімен бірдей қалыптасады. Сонымен қатар, киноөнер адамгершілікті, патриотизмді тәрбиелеудегі заманауи құрал ретінде, сондай-ақ, өз елінің тарихы мен мәдениетін өскелең ұрпақтың ғана емес, ересектердің де қызығушылығын арттыру үшін пайдаланылуы мүмкін. Бұл ретте, қазақстандықтардың отандық тарихи фильмдерге деген қызығушылығын арттыру елдегі киноиндустрияны одан әрі дамытуға түрткі болуы мүмкін.

Негізгі мақсат барлық білім беру ұйымдары мен еңбек ұжымдарында, сондай-ақ аудандар мен ауылдарда тарихи, ұлттық кинофильмдерді, анимациялық «кино апталығы» фильмдерін көрсету «Рухани жаңғыру» бағдарламасының негізгі бағыттарын іске асырудың салмақты құралдарының бірі болуға мүмкіндік береді. Атап айтқанда, рухани және мәдени байыту, тарихи оқиғалар мен жетістіктерді экрандау – ұлттық бірегейлікті сақтау, анимациялық фильмдерде қазақстандық табиғат пен ежелгі мәдени ескерткіштерді көрсету жолымен «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» арнайы жобасының дамуына үлес қосу.

Негізгі міндеттер:

- Қазақстанның ұлттық мәдени дәстүрлері мен рухани-адамгершілік құндылықтарын ілгерілету;
- мәдениетаралық, этносаралық және конфессияаралық қатынастарды үйлестіру, төзімділік мәдениетін тәрбиелеу;

- халықаралық және өңіраралық этникалық байланыстарды кеңейтуге, нығайтуға және байытуға ықпал ететін мәдени алмасуды ұйымдастыру;
- тарихи танымға қызығушылықты қалыптастыру.

Іске асыру тетіктері:

- Білім беру ұйымдарын және еңбек ұжымдарын, сондай-ақ аудандық және ауылдық билік өкілдерін ұлттық, тарихи фильмдерді көрсету мақсатында тарту;
- Кинофильмдер мен мультфильмдерді іріктеу және бекіту;
- Бекітілген фильмдерді көпшілікке көрсету құқығын алу;
- Таңдалған фильмдерді көрсету уақытын бекіту;
- «Кино апталығы» тарихи, ұлттық кинофильмдер, анимациялық фильмдер көрсетілімін өткізу.

Іске асыру мерзімі:

2020 жылдың ішінде

Күтілетін нәтижелер:

- Бос уақытта мәдениетке, Қазақстанның тарихи-мәдени мұрасына қызығушылығын арттыру;
- Ортақ мүдделерді анықтау арқылы бірлікті нығайту;
- Шетелде даму мүмкіндігімен сапалы өнім өндіру және шығару.

Көрсеткіштер:

- Жобаның барлық кезеңінде киноны ашық көрсетуге қатысатын ұйымдардың саны-кемінде 30;
- Кинофильмдер мен анимациялық фильмдерді көрсету үшін іріктелген саны - 14-тен кем емес;
- Жобаның барлық кезеңінде киноның ашық көрсетіліміне келушілер саны- 4000 кем емес;
- Барлық фильмдерді Youtube, Kaztube интернет платформаларында орналастыру - 100 мыңнан кем емес.



«Қажымұқан» көркем фильмін жасау бойынша ұсыным

Өзектілік. Қажымұқан Мұңайтпасов күрес бойынша әлемнің бірнеше дүркін чемпионы, сондай-ақ француз күресі бойынша атағын жеңіп алған алғашқы қазақ. Әр түрлі дәрежедегі медальдардың иегері. Қазақстан тарихындағы алғашқы кәсіби цирктің негізін қалаушы. Ұлы қазақ балуанына келер жылы 150 жыл толар еді.

Негізгі мақсат – қоғамның өз елінің батырларына деген қызығушылығын арттыру. Қоғамда дене шынықтыру, спорт идеяларын және батыр мысалында бәсекелестік рухын ілгерілету. Отаншылдыққа, ел мен оның батырларына мақтаныш сезімін тәрбиелеу.

Негізгі міндеттер:

- Патриотизмді дамыту;
- Кинематографтың дамуы;
- Қазақстан батырларына қызығушылықты тарту;
- Отандастар мен шетел азаматтары арасында Қазақстанның тарихы мен мәдениетіне қызығушылықты қалыптастыру.

Іске асыру тетіктері:

- Көркем фильмнің сценарийін әзірлеу үшін отандық және шетелдік продакшн-компаниялар мен телеарналарды тарту;
- Көркем фильм үшін сценарийді әзірлеу және бекіту;
- Бейнетүсірілімдер нысандары мен орнын бекіту;
- Көркем фильмді түсіру;
- Еліміздің басты телевизиялық арналарында көркем фильмді көрсету, еліміздің барлық аймақтарында кинотеатрларда көрсету;

Іске асыру мерзімі:

2020 жылдың ішінде

Күтілетін нәтижелер:

- патриотизмді дамыту;
- өз елінің батыры Қажымұқан Мұңайтпасовты дәріптеу;
- палуан өз елінің мәдени тарихына қосқан үлесі туралы халыққа хабардар ету;
- көркем фильмдер шығару бөлігінде киноиндустрияны дамыту;

Көрсеткіштер:

- Аудиторияның қамтуы - кемінде 4 000 000 адам;
- Кем дегенде 3 негізгі телеарнада көркем фильмді көрсету



«Рухани жаңғыру» бағдарламасына және мерейтойлық күндерге арналған материалдарды мерзімдік басылымдарда және әуе, теміржол экрандарында (баспа басылымдары, бейне-роликтер және т.б.) орналастыру бойынша ұсынымдар

Өзектілік. Ұшақтар мен поездарда орналастырылған ақпарат байланыс ұзақтығы мен ұшу/сапардың жайлы жағдайларының арқасында оң қабылданады және ұзақ есте қалады. Сонымен қатар, жолаушылардың көпшілігі сапар кезінде ғана жұмыс қажеттілігімен байланысты емес, ақпаратты оқуға мүмкіндігі бар. Бұл материалдармен байланыс ұзақтығын қамтамасыз етеді.

Жолаушыларға арналған журналдар қазақстандықтар үшін де, шетел азаматтары үшін де ақпараттық-танымдық болып табылады. Мақалалар оларды салт- дәстүрмен, мәдениетпен, тарих және ескі ескерткіштермен таныстырады. Мерейтойлық күндерге арналған материалдарды және

«Рухани жаңғыру» бағдарламасын мерзімді басылымдарда және жолаушыларға арналған экрандарда жариялау ақпаратты кең аудиторияға жеткізуге мүмкіндік береді.

Бүгінгі таңда барлық ірі авиакомпаниялар мен тасымалдаушылардың өз басылымдары бар, олар тек әуе кемелерінің борттарында/ салондарда ғана емес, әуежайларда/ вокзалдарда да таратылады, сондай-ақ мониторларда бейнероликтерді трансляциялау мүмкіндігіне ие.

Негізгі мақса – мерейтойлық күндер туралы ақпарат беру және тарихи-мәдени мұраларға қызығушылықты қалыптастыру. «Рухани жаңғыру» бағдарламасының іске асырылу барысы туралы халықты ақпараттандыру. Ақпаратты тек қазақстандықтарға ғана емес, шетел азаматтарына да жеткізу мүмкіндігі бар.

Негізгі міндеттер:

- патриотизмді дамыту;
- Қазақстанның ұлттық мәдени дәстүрлерін ілгерілету;
- тек отандастар арасында ғана емес, шетел азаматтары арасында Қазақстанның тарихы мен мәдениетіне деген қызығушылықты қалыптастыру;
- «Рухани жаңғыру» бағдарламасының оң бейнесін қалыптастыру;
- «Рухани жаңғыру» бағдарламасының жүзеге асырылу барысы туралы ақпарат беру.

Іске асыру тетіктері:

- мерзімді басылымдар мен бейнероликтер үшін материалдардың мазмұнды бөлігін әзірлеу үшін мамандарды (тарихшылар, қоғам қайраткерлері, БҒМ, ХҒС) тарту;
- бейнероликтер жасау үшін шығармашылық топты (режиссерлер, продюсерлер, сценаристер, телеарналардың бейнемонтажерлері) тарту;
- ірі қазақстандық авиакомпаниялар мен тасымалдаушыларды тарту;
- мерзімді басылымдарда басып шығару үшін және тиісінше авиажолаушылар мен поездарда экрандарда орналастыру үшін мақалалар мен бейнероликтер материалдарын беру.

Іске асыру мерзімі:

2020 жылдың ішінде

Күтілетін нәтижелер:

- Қазақстанның тарихымен, мәдениетімен, дәстүрлерімен танысу;
- тарихи тұлғалардың қызметін дәріптеу;
- елдің имиджін көтеру;
- «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру барысы туралы халықты хабардар ету және бағдарламаның оң бейнесін ілгерілету.

Көрсеткіштер:

- Мерейтойлық күндерге орайластырылған 2020 жылға арналған борт журналдарында кемінде 12 мақала және кемінде 5 бейнеролик шығару;

- «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру барысы туралы кемінде 6 мақала және кемінде 6 бейнеролик шығару (бағдарламаның әрбір бағытына сәйкес);
- Аудиторияның қамтуы - 1 000 000 адамнан кем емес.



«Қазақ асханасы - ұлттық мәдениеттің негізі» іс-шаралар кешенін өткізу бойынша ұсынымдар

Қазақ ұлттық асханасы – қазақ халқының тұрмыс-тіршілігінің айнымас бөлігі болып қана қоймай, көшпелі мәдениет пен қазақи қонақжайлылықтың көрінісі болып табылады.

Қазақ халқы аз ғана өнім түрінен сан-алуан тағамдар дайындап, олардың сапасын, пайдалы қасиеттерін, дәмін сақтай отырып өндеуді шебер меңгерген. Қазақ дастарханындағы әрбір тағамның өз тарихы, орны мен уақыты бар. Ондағы кез келген ас мәнді де мағыналы әдет-ғұрыптың ұшқынындай көрінеді.

Қазақ ұлттық асханасының тағы бір ерекшелігі өнімдердің жергілікті экологиялық таза екендігіне баса назар аудару керек. Себебі әрбір өнімнің құрамы пайдалы дәрумендерге бай, сапасы жоғары, энергетикалық құнды, ешқандай қоспасыз дайындалады. Ол дегеніміз адам денсаулығына өзіндік пайдасын беріп, дені сау ұрпақтың қалыптасуына өз септігін тигізеді.

Ата-бабаларымыздың тағамдық талғамы көптеген ғасырлар бойы қалыптасқан, демек дәстүрлі тағам бізді пайдалы қоректік заттардың қажетті мөлшерімен қамтамасыз етіп отырған. Еліміздің әр өңіріндегі тағамдардың өзіндік ерекшеліктері де «жергіліктік» ұстанымын қолданады, ал таулы аймақтағы сары майдан орман бүлдіргенінің дәмі сезіледі. Ұлттық өнімдеріміздің рецептілері ғасырлар даналығына толы. Мысалы, ата-баларымыз қандай да бір өнімнің табиғи қасиеттерін жақсы білген және қажет болғанда тағамды күшті ынталандырғыш әрі иммунитетті арттыратын құрал, тіпті дәрі ретінде пайдаланған. Кейбір тағам түрлері сәбилерге, қарт адамдарға, жүкті немесе бала емізетін әйелдерге күш-қуат беру үшін арнайы әзірлеген.

Мақсаты: қазақ ұлттық тағамдарының ерекшелігі мен құндылығын насихаттау.

Міндеттері:

- бірегей тағамдардың дәмін сақтау және ежелгі жасалу жолдарын түсіндіру;
- тағамдардың шығу тарихы, жасалу жолдары, ерекшеліктеріне тоқталу;
- астың қонаққа ұсынылуындағы жөн-жоралғыларды ұстану;
- балабақша мен мектеп оқушыларына қазақи ұлттық тағамдардың қадір-қасиетін ұғындыру;
- қазақ халқының қонақжай дәстүрін құрметтеу.

Іске асыру механизмдері.

1. «Қазақ асханасының бірегей тағамдары» шарасын ұйымдастыру. Шара аудан-қалалық, облыстық деңгейде өткізіледі. Алдымен ауылдардан, кейін әр ауданнан бесаспап аспасазшыларды қатыстыру арқылы «Өрметас», «Үлпершек», «Қарын бөртпе», «Бұжы», «Жаужүрек», «Қарын көмбе» т.б ұмыт бола бастаған бірегей тағамдарды дайындайды. Облыстық әкімдік өкілдері, Ардагерлер кеңесі, облыстық ішкі саясат, «Достық» үйі, облыс орталығындағы ұлттық мейрамханалардағы шебер аспазшылары т.б өкілдердің арнайы сараптауымен үздік аспазшыларды анықтау. Шараны облыстық Мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы мен «Достық» үйі ұйымдастырады.

2. Еліміздің әр аймағында тағамдардың жасалу жолдары әртүрлі. Сонымен қатар, ұмыт бола бастаған, ата-бабалар дайындаған ежелгі тағамдарды қайта жаңғырту мақсатында арнайы «Сарқыт» тақырыбында гастро-тур ұйымдастыру. Шара барысында тағамтану мамандары, Өңірлік жобалық кеңсе қызметкерлері, этнографтар, БАҚ өкілдері т.б болады. Арнайы топ ауыл-аймақ, аудан-қалаларға барып, тағамдардың шығу тарихы, жасалу жолдары және ерекшеліктерімен танысып, бағалайды. Гастро-турда әзірленген үздік тағамдардан арнайы қысқаметражды бейнефильм, сондай-ақ тағамдардың жасалуы бойынша кітапша дайындалады. Аталған шараны жергілікті жердегі әкімдіктер демеушілер тарту арқылы ұйымдастырады.

3. «Қазақ кәдесі» интеллектуалды жарысы. Байқау 5 кезеңнен тұрады. Жарысқа 18-60 жас аралығындағы азаматтар қатыса алады. Аудан-қалалық кезеңнен сәтті өткен қатысушылар, облыстық кезеңге жолдама алады. Төменде көрсетілген бірінші кезеңде қатысушылар өздерінің білім-білік дағдыларын ортаға салады, әр тақырып бойынша алуан түрлі сұрақтарға жауап береді.

1. Сүт тағамдары
2. Ет тағамдары
3. Сорпа тағамдары
4. Ұн тағамдары
5. Дән тағамдары
6. Балық тағамдары
7. Жеміс тағамдары

Екінші кезеңде үміткерлер асқа, ұлттық тағамға қатысты мақал-мәтелдер бойынша сынға түседі.

Үшінші кезең ет тартудың кәделері. Ет тартудың 32 кәделі түрі бар. Әрбір кәде бойынша қатысушылар жасырылған сөздің мағынасын ашып, тарқатып айту қажет.

Төртінші кезеңде ұлттық тағамға қатысты танымал азаматтар мен зиялы қауым өкілдері бейнесұрақтар қояды.

Бесінші кезеңде 1 минут ішінде қазақ асханасына қатысты әртүрлі сұрақтар қойылады, сайысқа қатысушы ия немесе жоқ деп жауап беруі керек.

Байқауды облыстық Мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы мен Өңірлік жобалық офис бірлесе өткізеді. Жеңімпаздар мен жүлдегерлер бағалы сыйлықтармен марапатталып, қазақы ұлттық мейрамханадан жеңілдікпен ас ішуге сертификат табысталады.

4. **«Қазақтың ұлттық тағамдарын білеміз бе?»** тақырыбында балабақша, мектепалды даярлық топтары мен мектептерде ашық тәрбие сағаттарын өткізу. Сонымен қатар мектеп асханаларының ас мәзіріне ұлттық тағам түрлерін кіргізу қажет. Шараны аудан-қалалық, облыстық білім бөлімдері мен басқармалары өткізеді.

5. **«Қазақ асханасы»** атты іс-шараны «Наурыз шапағаты» жобасы аясында «Ұлттық тағамдар күні» қарсаңында өткізуді ұсынамыз. Ауылдық деңгейден бастап, облыстық деңгейге дейін шараны қамту. Аталған байқауға қолынан іс келетін, қазақ халқының ұлттық тағамдарын ерекше әзірлей білетін шеберлер қатыса алады. Мерекеге келген қонақтар қазақ асханасының мәдениетімен танысып, дастарханнан ауыз тиюге немесе қолжетімді бағамен тағам түрлерін сатып алуға мүмкіндік алуы қажет. Шараны аудан-қалалық, облыстық әкімдіктер ұйымдастырады.

6. Өңірлерде Қазақстан халқы Асамблеясы, этно-мәдени бірлестіктердің ұйымдастыруымен еліміздегі халықтардың дәстүрлі тағамдарымен таныстыру, ұлттық дәстүрлерге деген сүйіспеншілік пен құрметке, ұлтаралық келісімге тәрбиелеу мақсатында **«Ұлттық тағамдар фестивалі»** өтеді.

Шарада барлық ұлт өкілдері өздерінің ұлттық тағамдарымен қатар, өнерлерін, көрмелерін көрсетеді. Сонымен қатар бұл фестивальде өзге ұлт өкілдері қазақ асханасының тағамдарымен кеңінен танысуға мүмкіндік алады.

7. Әр облыста аудиториясы ауқымды әлеуметтік желілердегі парақшалар (Instagram, Facebook) мен YouTube каналдарда **«Қазақ ұлттық асханасы»** тақырыбында тікелей (онлайн) көрсетілім ұйымдастыру. Көрсетілім барысында шебер аспазшылар қазақ ұлттық асханасындағы әр тағамның атауына түсініктеме беріп, жасалу жолдарына тоқталып, мәзірін көрермендерге ұсынады. Аталған жұмыстарды өңірлердегі ішкі саясат және мәдениет басқармалары іске асырады.

Ұсынымдар:

а) еліміздің әр аймағында кемінде 1-2 қазақы ұлттық асханаларын ашу ұсынылады (ас мәзірінде қазақы ұлттық тағамдар болуы қажет);

ә) Қазақстан аумағындағы барлық кафе, мейрамханалар мәзіріне қазақ ұлттық тағамдарын кіргізген жөн;

б) мейрамханаға келген әрбір қонаққа сыйлық ретінде тегін ұлттық тағам ұсыну (құрт, ірімшік, жент, бауырсақ).

в) Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі тарапынан республикалық телеарналарда ұмыт бола бастаған қазақтың ұлттық тағамдары бойынша арнайы бағдарлама ашып, жасалу жолдарымен таныстыру.

Күтілетін нәтиже:

- халық ұмыт бола бастаған бірегей тағам түрлерін қарапайым үй асханасында жасауға мүмкіндік алады;
- әр елді-мекенде жасалатын тағамдардың шығу тарихы, жасалу жолдары мен ерекшеліктерін тұрғындар арнайы бейнефильмдер мен кітапшалардан оқи алады;
- дәстүрлі астың ерекшеліктері арқылы бүгінгі ұрпаққа қазақтың ұлттық тағамдары, салт-дәстүрі, мәдениетімен танысуына кеңінен жол ашылады;
- балабақша бүлдіршіндері мен мектеп оқушылары қазақ ұлттық тағамдарының түрлері, жасалу жолдары мен тарихына зер салады. Астың қадір-қасиетін жете түсінеді;
- болашақта шетелден келетін қонақтар қазақ асханасының дәмін татып, дәстүр-тарихына қанығады.

Көрсеткіштер:

1. Кітапшада өңірлерде сақталған тағамдар жинағы – 1.
2. Бейнефильм – 1.
3. Ұлттық асханалар ашу – 1-2.
4. Мектептер мен мектепалды даярлық топтары асханаларының ас мәзіріне ұлттық тағам түрлерін кіргізу – 50%.



Республикалық тарихшылар форумын өткізу бойынша ұсынымдар

Тұңғыш Президенттің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» және «Ұлы даланың жеті қыры» атты бағдарламалық мақалалары барлық жерде зерттеу жұмысының басталуын алдыға қойды. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында Елбасы: «Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды. Сонымен бірге, рухани жаңғыру ұлттық сананың түрлі полюстерін қиыннан қиыс-ты-рып, жарастыра алатын құдіретімен маңызды. Бұл – тарлан тарихтың, жасампаз бүгінгі күн мен жарқын болашақтың көкжиектерін үйле-сімді сабақтастыратын ұлт жадының тұғыр-намасы». Сондықтан бірлікті сақтауда тарихи тамырларын жоғалтпау маңызды. Ең бастысы, жас ұрпаққа шынайы тарихи деректерді беру.

Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламалық мақаласында: «кейінгі жылдары табылған тарихи жәдігерлер біздің бабаларымыздың өз заманындағы ең озық, ең үздік технологиялық жаңалықтарға тікелей қатысы бар екенін айғақтайды. Бұл жәдігерлер Ұлы даланың жаһандық тарихтағы орнына тың көзқараспен қарауға мүмкіндік береді... Бүгінде төл тарихымызға оң көзқарас керек. Біз басқа халықтардың рөлін төмендетіп, өзіміздің ұлылығымызды көрсетейін деп отырғанымыз жоқ. Ең бастысы, біз нақты

ғылыми деректерге сүйене отырып, жаһандық тарихтағы өз рөлімізді байыппен әрі дұрыс пайымдауға тиіспіз» делінген.

Осыған байланысты тарихи фактілерді, қоғамдық сананы жаңғыртудағы тәжірибелерді пайдалануды талқылау мақсатында көрнекті тарихшыларды, археологтарды, этнологтарды, антропологтарды, мұрағатшыларды, музей қызметкерлерін, оқытушыларды, студенттерді, магистранттарды, белгілі қоғам қайраткерлерін және үкіметтік емес ұйымдардың өкілдерін біріктіретін іс-шара өткізу қажет.

Форум аясында Қазақстан халқының тарихын қалыптастырудың мәдени және ұлттық-этностық ерекшеліктері, Қазақстан аумағында тұратын этностардың рухани өмірі, әлемдік өркениеттер диалогы контекстіндегі елдің орны, тарихтың сан қырлы және сан қырлы болуы, ұлттық тарих және оның ерекшеліктері талқыланады. Бұл отандық тарих ғылымының дамуына және Ұлы даланың өткені туралы жаңа тарихи фактілерді анықтауға қосымша серпін береді.

Қатысушылар арасында тарихты бойына сіңіріп, келесі буынға жеткізушілер ретінде жастардың көп болуы маңызды.

Форумның мақсаты - тарихи мұра және тарихи, ғылыми негізделген деректерді сақтау туралы талқылау және пікір алмасу.

Форумның міндеттері:

- «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламалық мақаласының бағыттарын, тарих ғылымының заманауи трендтерін және ғылыми, тарихи жаңалықтарды талқылау;

- шынайы тарихи фактілерді сақтау және беру бойынша білім мен тәжірибе алмасу;

- Ұлы даланың тарихи жетістіктерін халық арасында насихаттау.

Іске асыру тетіктері:

- форумға тарих саласындағы белгілі халықаралық және отандық сарапшылар, сондай-ақ қоғам қайраткерлері, тарихты сақтау және оны болашақ ұрпаққа беру маңыздылығы туралы пленарлық бөлім кіреді;

- бұдан әрі қатысушылар секциялар бойынша баяндамалармен тарихи тақырыптарға бөлінеді;

- форум аясында тарихи оқиғалармен танысу үшін тарихи реконструкциялар ұсынылуы мүмкін;

- сонымен қатар, қонақтар үшін тарихи құндылықты көрсететін орындарға, мұражайларға экскурсиялар ұйымдастырылуы мүмкін;

- баяндама аяқталғаннан кейін мемлекеттік органдар мен мүдделі ұйымдар үшін тарихи фактілерді сақтау және беру туралы ұсынымдар әзірленетін болады;

Форум қорытындысы бойынша онлайн-қолжетімді үш тілде баяндамалар жинағы шығарылады.

Күтілетін нәтижелер:

- тарихи деректерді сақтау мәселелері мен мәселелері көтеріледі;

- тарих саласындағы үздік тәжірибелермен алмасу;

- жас ұрпақ Ұлы Даланың тарихи жетістіктерін біледі;
- тарихшылар үшін тарихи мұраны сақтау жөнінде ұсыныстар әзірлеу және оларды өскелең ұрпаққа шынайы жағдайда беру.

Көрсеткіштер:

- қатысушылар саны - 100 адамнан кем емес;
- отандық сарапшылар - 5 адам;
- халықаралық сарапшылар - 5 адам;
- волонтерлер - 30 адамнан кем емес.



«Түркістан – кеше, бүгін, ертең» деректі фильмін жасау бойынша ұсыным

Өзектілік. 19 маусым 2018 жылы Н.Ә. Назарбаев Түркістан облысын құру туралы жарлыққа қол қойды. Ол өңір жаңа әкімшілік функцияларды сапалы жүзеге асыру үшін барлық мүмкіндіктерге ие екенін және қабылданған шешімнің тарихи маңызын атап өтті.

